

## АКТ САЛАСЫНДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІПТІК БАҒДАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

- Г. А. Абдулкаримова** *Педагогика ғылымдарының кандидаты,  
доцент,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*
- Ф. Р. Гусманова** *Физика-математика ғылымдарының  
кандидаты, доцент,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*
- А. Р. Турганбаева** *Педагогика ғылымдарының кандидаты,  
доцент, Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

---

**Summary.** In the article, the questions of teachers' professional development are examined in the sphere of information and communication technologies usage in the educational process of the school. Professional growth of a teacher in ICT area, their active using, involving students in activities using ICT create conditions for vocational guidance work with students, including IT-sphere.

**Keywords:** information and communication technologies (ICT); professional orientation work in the sphere of information technologies.

---

**Кіріспе.** Ақпараттық технологияның болашақ және тез даму саласы, бүгінгі таңда біздің өміріміздің барлық санасына енуде. Еңбек нарығының динамикалық даму, қолданыста бар мамандықтың өзгертілу және теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да кәсіби қызметтің жаңа түрлерінің пайда болу жағдайында мектеп оқушыларының кәсіби тұрғыдан өзіндік анықтау мәселелері тұр. Сондықтан, барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің алдында осы бағытта кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу мәселелерін күшейтуді қолға алу керек. Кәсіби қызметтің перспективалы бағыттарының бірі ақпараттық технология саласындағы мамандар болып табылады. Осы технологиялар алдыңғы кезектерге ақпараттық қызметті қоя отырып қоғам өмірін түбегейлі түрде өзгертті. Бұл жерде мұғалім маңызды рөл атқарады. Білім беру мекемелеріндегі ақпараттық-білім беру салаларының даму деңгейі, АКТ-ны кәсіби қызметінде мұғалімнің қолдануы, осы салада білім алушылардың алған білімі, үйренуі, дағдысы, құзырлығы АКТ-ны пайдаланып олардың жұмыс істеудегі қызығушылығы білім алушылардың қызығушылық шеңберін анықтайды және мамандықтарын таңдауға әсер етеді.

АКТ саласында мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын жүргізу барысында осы бағытта оқушылармен кәсіптік бағдар жұмыстары туралы айту керек.

**АКТ-мұғалім құзырлылығынан – АКТ-оқушы құзырлылығына.** Мектептегі білім беру үрдісі оқушылардың жан-жақты дамуына және олардың өмірлік жолын таңдауына бағытталған. Кәсіби бағдар, соның ішінде АКТ саласында, оқу үрдісінде, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарда, IT-мамандармен, IT-өнеркәсіптермен өзара хабарласа отырып және т.б. жүзеге асырылады. Информатика мұғалімі мен пән мұғалімдерінің заманауи АКТ-ны өзінің кәсіби қызметінде белсенді пайдалануы, оқушыларды сабақта және сабақтан тыс АКТ-қызметіне тартуы, жұмыс құралы ретінде оқушылардың компьютерде пайдаланылуы кәсіби қызмет саласы ретінде оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырады және АКТ туралы түсінігін қалыптастырады.

Информатика мұғалімі мен пән мұғалімдерінің оқытушылық қызметінде АКТ-ны пайдалану білімі мен дағдысын жетілдіру үшін келесі бағыттар: ақпараттық білім беру ресурстарын дайындау, білім беру үрдісінде қолданбалы программалық қамтамасыздандыру мен мультимедиялық құралдарын пайдалану саласында әдістемелік қолдау, АКТ құралдарымен жалғыз білім беру кеңістігін құру, білім беру үрдісіне қатысушылардың интерактивті өзара әрекеттесуін ұйымдастыру приоритетті болуы керек.

**Ақпараттық-білім беру ортасы АКТ саласында кәсіптік бағдар ретінде.** Ақпараттық-білім беру ортасы – бұл ашық көрсетілетін білім беру үрдісі және білім беру үрдісінің субъектілерімен өзара қарым-қатынасқа түсетін құрумен, қайта өңдеумен, сақтаумен, жіберумен, ақпаратты берумен байланысты жағдайлар жиынтығы. Білім беру ұйымдарында ақпараттық-білім беру ортасының даму деңгейі оқушылардың мамандықты таңдауда мотивацияға, олардың ақпараттық мәдениетіне әсер етеді. Пән мұғалімдері мен мектеп әкімшіліктері үшін ақпараттық-білім беру ортасының дамуына бағытталған: «XXI ғасырдағы ақпараттық және білім беру технологиялары» [1], «Ақпараттық-білім беру ортасы», «Сайтты құру және қолдау», «Білім беру үрдісінде интерактивті тақтаны пайдалану» [3], «Интернет желісінде жұмыс істеу барысында балалар мен жасөспірімдер қауіпсіздігі» және т.б. курстарды ұсынуы мүмкін. Бұл жерде мектепте ақпараттық-білім беру ортасын құрудың нормативті-құқықтық аспектілері, мұғалімдер сабақтан тыс қызметімен оқушылардың автоматталған жұмыс орындары, оқытуда АКТ-ны пайдалану практикасы туралы мәселелер зерттеледі. Мектеп әкімшілігі үшін ақпаратты қорғаумен байланысты нормативті-әдістемелік және басшылық жасайтын құжаттар, ақпаратты қорғау әдістері, ортасы мен механизмдері туралы қосымша мәселелер қарастырылады.

**Оқушылардың жобалық қызметінен АКТ саласындағы кәсіптік бағдарға дейін.** АКТ-ны пайдаланып оқушылардың кәсіптік бағдар

жұмысымен (кәсіби ағарту, кәсіби қызығушылықтар мен икемділігінің дамуы, кәсіби кеңес және т.б.) бірге оқушылардың сабақтан тыс қызметі болашақ мамандықты дұрыс таңдауға ықпалын тигізеді. Оқушылар жобалық қызметте АКТ-ны пайдалану бойынша практикалық жұмыстың тәжірибесін алады. Жобалар топтарда талқыланады, ал маңыздырақ жобалар байқауларға ұсынылады.

Мұғалімдермен жобалық қызметтің технологиясын, оқушылар жобаларын АКТ саласындағы кәсіптік бағдар жұмысының ресурсы ретінде «Ақпараттық-білім беру ортасының жобалық қызметі» курсының шеңберінде талқылауға болады [2]. Ұсынылып отырған тақырыптың маңыздылығын ЖОО-да жүргізетін конференция материалдарындағы мұғалімдердің баяндамалары мен басылымдары айғақтайды [4].

**АКТ саласындағы дарынды білім алушыларға кәсіптік бағдар жүргізу.** Дарынды білім алушылармен жеке және тереңдетілген жұмыс істеу талап етіледі. Ерекше күрделі есептерді шешу, олимпиадаларға дайындау және оларға қатысу, сырттай мектептер мен жоо-дағы үйірмелерге, байқауларға және т.б. қатысу қажет.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсына деңгейі күрделі болып келетін есептерді, олимпиадалық есептерді шешуде маңызды рөл атқаратындай «Стандартты емес және күрделі есептерді шешу» тақырыбын қарастыру керек. Корреляциялық, регрессиялық, дисперсиялық, факторлық, кластерлік талдау әдістері қарастырылатын «АКТ ғылыми-зерттеу қызметінде» курсы жас мұғалімдерге арналуы мүмкін. Бұл эксперименталдық деректерді математикалық және компьютерлік өңдеудің мықты құралы және ғылыми жұмысқа енудің кілті болып табылады.

**Қорытынды.** Мұғалім сабақта оқушылардың АКТ-ға қызығушылығын туғыздыруы, базалық құзырлылықтарды дамытуы, болашақ IT-мамандықтардың көрінісін қалыптастыруы мүмкін. АКТ пайдаланумен байланысты сабақтан тыс қызметтерде, әртүрлі балалар бірлестіктерінде белсенді қызметке тарту мүмкін.

АКТ саласындағы мұғалімдердің кәсіби өсуі, оларды белсенді пайдалануы, оқушыларды АКТ-ны пайдаланып қандай да болсын қызметке, соның ішінде IT саласына тарту оқушылармен кәсіптік бағдарлық жұмыс істеу үшін жағдай құрады.

#### Библиографиялық тізім

1. Абдулкаримова Г.А. Инновационные образовательные технологии в профессиональной подготовке учителей // Вестник Московского городского педагогического университета. Серия «Информатика и информатизация образования». Москва, №4 (14), 2008. С.4-8.
2. Абдулкаримова Г.А. Средства информатизации образования в профессиональной подготовке учителей информатики //Материалы VI Международной научно-методической конференции «Математическое моделирование и ИТ в образовании и науке», 25-26 октября, 2013 г. КазНПУ им. Абая, Т.2, С.126-129.

3. Гусманова Ф.Р., Абдулкаримова Г.А. Компьютерное моделирование на интерактивной доске как дидактический материал для проведения занятий // Материалы международной научно-практической конференции «Проблемы совершенствования обучения математике, физике и информатике в школе и вузе», КазНПУ им.Абая, 24-25 октября, 2014 г.
4. Гусманова Ф.Р., Турганбаева А.Р., Скиба М.А. Білім берудегі АКТ қолданудан АКТ негізінде білім беру үрдісін ұйымдастыру// Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Физико-математические науки». Алматы, №2 (50), 2015. С.252-259.

## **КӘСІПКЕ БЕЙІМДЕЛУ ЖҰМЫСЫНЫҢ БОЛАШАҚ МАМАН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ**

**Қ. Қ. Уразова**  
**Н. С. Мухажанов**  
**Б. С. Кабдырахов**

*Магистрлар,  
Қатаркөл ауылы, ауылшаруашылық  
колледжі, Ақмола облысы, Қазақстан*

---

**Summary.** The article determines the issues of professional orientation for students. The author shows the role of professional orientation in students personality developing. How to determine the motives of choice of profession.

**Keywords:** professional orientation; the formation of a person; issues; choice of profession.

---

Қазіргі таңда білім беру мәселелері жалпы әлемдік қоғамдастықтың өзекті мәселелердің бірі болуы өркениет дамуының білім беру сапасымен бірден-бір байланысты. ҚР «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасында білім беруді жетілдіру мен оқыту процесіне жаңа акпараттық технологияларын енгізу арқылы сапалы кәсіби мамандарды даярлауды қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған.

Адам өмірінде кәсіп таңдау, мамандықты меңгеру, кәсіпке бейімделу мәселесі үлкен орын алады. Кәсіпке бейімделу мәселесін Т. Н. Вершинина, И. К. Кряжева, М. П. Будякова, А. А. Русалинова, Л. М. Митина және т.б. көптеген ғалымдар қарастырған. Олардың айтуынша, кәсіби бейімделуге дайындық, яғни оқу процесі кезінде кәсіпті меңгеру кезеңі мен жас маманның жұмыс ортасына қосылуы, өндірістік практика кезіндегі іс-әрекеті негіз болады. Студент кәсібін меңгеру, кәсіби қалыптасуы кезінде өмірлік, кәсіби жоспарлары өзгереді, жетекші іс-әрекеттері ауысады, тұлға құрылымының қайта құрылу процесі жүреді.

Кәсіптік бейімделу сатысында қоғамның педагогикалық ұжымның және іс-әрекеттің жоғарылап кеткен талаптары тұлғаның жоғары оқу орнында қалыптасқан кәсіптік сипаттамалары мен білімдерімен және іскерліктерімен қайшылыққа түседі. Кәсіптік бірлестікке бейімделе отырып маман тиісті тәжірибелерді өз бойына сіңіреді. Өзі үшін маңызды ортаның талаптарын қанағаттандыруға тырысады.

Оқу орындарында болашақ мамандарды түрлі сипаттағы кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени қызметтерге даярлайды, оларға белгілі